# ҚОРЫТЫНДЫ

***Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясында жүргізілген зерделеу жұмыстарының нәтижесі бойынша***

Тараз қ. 16.02.2026 ж.

Тараз қаласы білім бөлімінің 2026 жылғы 26 қаңтардағы №120 және 29 қаңтардағы №136 бұйрықтарына сәйкес Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназия қызметіне қатысты педагог қызметкерлер мен ата-аналар тарапынан түскен арыз-шағымдар негізінде комиссиялық зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Зерделеу жұмыстары мектепті басқару және бақылау жүйесінің жағдайын, оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуын, кадрлық қамтамасыз ету тәртібін, оқу жүктемесінің бөлінуін, үйірме жұмыстарының жүргізілуін, үй жағдайында оқытуды ұйымдастыруды, конкурстық рәсімдердің заңдылығын, құжаттамалардың жүргізілуін және педагогикалық ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды қамтыды.

Жұмыс тобының құрамында білім бөлімі басшысының орынбасары Д.Тогатаева, бас маманы А.Шымырбаева, әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Г.Атакулова, әдіскерлер М.Алиева, А.Түйтебаева, Н.Дүйсенбаев, Г.Шеримова, Ж.Игисинова, кәсіподақ комитетінің төрайымы И.Костина, №1 гимназия директорының орынбасары Н.Баймакашева, №49 мектеп-гимназия директорының орынбасары Ш.Абдраимова, білім бөлімінің есепшісі Г.Жабаева, З.Альмаганбетова, №1 гимназияның педагог-психологы Б. Әлмұратова.

Зерделеу жұмысы шағым мазмұнына сәйкес **<u>төмендегідей мәселелерді қамтыды:</u>**

Мектеп директоры орынбасарларының лауазымдық міндеттері

Қызметкерлердің жұмысқа келуін тіркеу журналы

Мектеп әкімшілігі мүшелерінің мұғалімдердің сабаққа қатысуы.

Әдістемелік нұсқаулық талаптарының сақталуы.

Мұғалімдер жүктемесінің әділетті бөлінуі.

Педагог кадрларды жұмысқа қабылдау тәртібінің сақталуы. Конкурстық рәсімдердің заңдылығы.

Қосалқы қызметкерлер, жүктемесі, қажеттілігі

Білім мекемесіндегі кәсіподақ жиналысының әділетті өтуі

Жас мамандармен жұмыс

Мектеп директоры мен орынбасарларының сабақтарының өткізілуі

Үйде жағдайында оқытуға берілген сағаттардың жүргізілуі мен сағаттардың заңнама талаптарына сәйкес бөлінуі

Сабақ кестесі

Алмастырылған сабақтардың бөлінісі

Гимназия сыныптарындағы 1500 сағаттың бөлінісі мен өткізілуі

Мектепте 171 мұғалім жұмыс атқарады.

Мектеп директоры орынбасарларының саны – 7. Штаттық бірлік саны – 6,5. Лауазымдық міндеттері бекітілген, алайда ҚР БҒМ 13.07.2009 жылғы №338 бұйрықтың ескі редакциясында рәсімделген. Өзгерістер мен толықтырулар назарға алынбаған. Мектепішілік бақылау бағыттары бекітіліп берілген.

**1. Мұғалімдердің жұмысқа келуі мен кетуіне тіркеу (арнайы журнал) жүргізу.**

Мектептің бастауыш сынып ғимаратының вахтерінде 2026 жылдың 16 қаңтарынан бастап арнайы тіркеу журналы ашылған. Көрсетілген 16 қаңтардан 29 қаңтарға дейінгі мерзімде журналға 325 жазба (қызметкерлердің аты-жөні) жазылып, қызметкерлер мектепке келген және шыққан уақыттарын жазып отырған.

Мектептің жоғары сыныптар білім алатын екінші ғимаратында журнал болмады. Бірақ педагогтер журнал күнделікті жазылып отырғанын растап отыр. Яғни мұғалімдердің уәжі расталып отыр.

Мектеп басшысының мәлімдеуінше бұл ішкі тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында жүргізілген. Бірақ аталған талаптар ұжымның жиналыстарында қаралып, келісілмеген.

**2. Мектеп әкімшілігі мүшелерінің сабаққа қатысу нормасы мен сапасы қаралды.**

Мектепте пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу кестесі 2026 жылдың ақпан айына дейін болмаған. 2026 жылдың ақпан айынан бастап білім бөлімінің ескертуінен кейін жасалды.

Жалпы педагогтердің сабағына қатысу циклограммасы бойынша 68 (39.7%) педагогтің сабағына бақылау жүргізілмеген. Мұғалімдердің сабағына қатысу көрсеткіші: бірқатар мұғалімдерге – 8-10 рет, ал бірқатарына – 1-2 рет, жоғарыда көрсеткен 68 мұғалімге әкімшілік мүшелері мүлде қатыспаған.

1) Мектеп директоры *(Н.Сейдахметов)* қыркүйек, қазан, қараша желтоқсан айларында сабаққа қатысу нормасын орындаған *(норма айына – 4 сағат)*. 2026 жылдың қаңтар айындағы норманы орындамаған, ешқандай сабаққа қатыспаған.

Сабаққа қатысуы: қыркүйек айында – 9, қазан – 10, қараша – 9, желтоқсан – 8, қаңтар – 0.

Сабаққа қатысуда барлық мұғалімдерге бір ғана мақсат қойылған, ол – сабақтың сапасын бақылау. Қатысқан сабақтарының барлығына толық ұсыныс бермеген *(3 ғана сабаққа берілген)*.

2) Мектеп директорының әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары А.Наурызбаева.

Сабаққа қатысу нормасы қыркүйек және қараша айларында орындалмаған.

Сабаққа қатысуы: қыркүйек айында – 4, қазан – 12, қараша – 3, желтоқсан – 13, қаңтар – 39.

Қыркүйек айында бақылау парағы жүйесіз толтырылған, мақсаты жоқ және бірқатарында дұрыс қойылмаған (ашық сабақ деп көрсетілген). Сондай-ақ, қорытынды талдаумен педагогтер таныстырылмаған, педагогтердің танысқандығы туралы қолы қойылмаған *(қазан, қараша, желтоқсан)*. 15-17 қазан аралығында қатысқан сабақтарына бақылау парағы толтырылмаған. Желтоқсан айындағы сабақтарға бірде бір ұсыныс жазылмаған. Қаңтар айындағы сабақтардың қорытынды талдауымен педагогтер ішінара ғана танысқан.

3) Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Бектасова

Сабаққа қатысу нормасы қыркүйек, қазан айларында орындалмаған.

Сабаққа қатысуы: қыркүйек айында – 0, қазан – 2, қараша – 11, желтоқсан – 12, қаңтар – 12.

Сабақты талдау парағын толтыруда кемшіліктер орын алған. 15 қазан; 6, 10, 13, 20 қараша; 5, 8, 9, 10, 12, 14, 15, 17, 18, 20 желтоқсан күнгі талдау парақтарындағы даталар өшіріліп, қайта жазылған. Жалпы бүгінгі күнге дейінгі жазылған 37 сабақтың ішінде даталары өшірілмеген сабақ саны – 16.

Талдау парағындағы кейбір тармақтарда бағалау белгілері бірізді қойылмаған. Атап айтқанда, 21 қараша күні тарих сабағында педагог «жеке жұмысқа арналған тапсырманың болуы», «жұмыс жұптық орындалуы», «АКТ-ны тиімді қолдана білуі», «Жаңа сабақты пысықтау» қолданбағаны көрсетілгенімен, бақылаушы тарапынан аталған кемшіліктер бойынша ұсыныс немесе кері байланыс берілмеген. Сонымен қатар сабақты бақылау парағының қорытынды пікір, ұсыныстар бөлімі жалпылама жазылған. Өлшемді көрсеткіштер жеткіліксіз, ұсыныс жүйелі берілмейді.

Көпшілігінде сабаққа қатысу мақсаты «Оқушылардың пәнге қызығушылықтарын байқау» деп жанама түрде жазылған. Желтоқсан айына дейінгі қатысқан сабақтарының мақсаты дұрыс тұжырымдалмаған. Сабаққа қатысу мақсаты нақты болу керек. Талдау жүйесін жеткілікті түсінбеген. Осының салдарынан мұғалімнің сабағын бағалауды дұрыс жүргізбеген (тапсырма дискрепторының құрылуы мен қалыптастырушы бағаны жүргізу).

Сонымен қатар 04.11.2025 ж. 5а сыныбының тарих пәнінің сабағына қатысқанын жазған, бірақ ағымдағы оқу жылында аталған сыныпта көрсетілген пән мұғалімі (Айтуганова М.) сабақ бермейтіні анықталды.

Осыған ұқсас 06.11.2025 жылы 5ә сыныбындағы орыс тілі пәнінің мұғалімі А.Бекмуратованың сабағына қатысқан, алайда сабақ тақырыбы электрондық журналмен сәйкес емес.

08.12.2025 жылғы Қазақстан тарихы пәнінен Бегасилова Раушанның 7ә сыныбындағы сабағына қатысқаны жазылған, алайда бұл электрондық журналдағы сабақ тақырыбымен сәйкес емес.

09.12.2025 ж. қазақ тілі пәні мұғалімі Керимбаева Динараның сабағына (7а сыныбы) қатысқан, бірақ электрондық журналда аталған сыныптағы сабақты Кобдикова А. жүргізетіні жазылған.

12.11.2025 ж. 5а сыныбында қазақ тілі пәніне қатысқан және пән мұғалімі Бейсенбекова М. деп көрсеткен, алайда бұл күні аталған сыныпқа қазақ әдебиеті пәні болған және мұғалімі Е.Абумаликов.

14.12.2025 ж. физика пәні сабағына қатысып, талдау жасаған, алайда күнтізбеде ол күн жексенбіге түсіп тұр.

Н.Бектасованың сабаққа қатысу парақтарын (дәптер) сараптай келе, норманы орындамағаны, жалған талдау ұсынғаны анықталды. Яғни былтырғы оқу жылында жазылған сабаққа қатысу дәптеріндегі жазбаларды тек даталарын ауыстыра отырып, 2025-2026 оқу жылының нормасы ретінде ұсынып отыр.

**Бұл жерде «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығында көрсетілгендей өзінің қызметтік міндеттерін адал орындау, өзінің шыншыл, адал болуы, өз қызметінде академиялық адалдық принциптерін ұстамаған.**

4) Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.Нармуратов.

Сабаққа қатысу нормасы қараша және қаңтар айларында орындалмаған.

Сабаққа қатысуы: қыркүйек айында – 12, қазан – 15, қараша – 4, желтоқсан – 12, қаңтар – 3 сабақ.

Тек тәрбие сағаттарына ғана қатысқан. Бақылау парағымен педагогтер таныспаған. Сабаққа қатысу мақсаты тәрбие мақсатына сәйкес емес. Сабаққа қатысу мақсаты көрсетілмеген (18 қыркүйек, 8, 21, 23 қазан күндері).

5) Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Сейтжапарова.

Сабаққа қатысу нормасы қыркүйек, желтоқсан айларында орындалмаған. Сабаққа қатысуы: қыркүйек айында – 3, қазан – 13, қараша – 9, желтоқсан – 5, қаңтар – 19 сабақ.

Педагогтер бақылау парағымен таныспаған. Қазан айындағы сабақтардың бағалау шкаласы толмаған, тек қорытынды жазылған. Қараша айындағы сабаққа қатысу мақсаты жазылмаған, жүйесіз.

23.09.2025 ж. Қазақстан тарихы пәні мұғалімі Г.Нургабылова 9д сыныбының сабағына қатысқанын жазған, алайда аталған сыныпқа С.Баетова сабақ береді.

26.09.2025 ж. Қазақстан тарихы пәнінің мұғалімі А.Қожа-Ахмедов 10ә сыныбының сабағына қатысқаны көрсетілген, бірақ сабақ кестесінде 26 қыркүйек күні Қазақстан тарихы қойылмаған және тақырыптары да сәйкес емес.

Бұл жерде «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығында көрсетілгендей өзінің қызметтік міндеттерін адал орындау, өзінің шыншыл, адал болуы, өз қызметінде академиялық адалдық принциптерін сақтауды бұзып отыр.

6) Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары М.Нартаева.

Сабаққа қатысу нормасы қараша айында орындалмаған. Сабаққа қатысуы: қыркүйек айында – 8, қазан – 9, қараша – 5, желтоқсан – 9, қаңтар – 16 сабақ. Қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларында қатысқан сабақтарында педагогтер анықтамамен таныспаған.

7) Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Бактыбаева.

Сабаққа қатысу нормасы қыркүйек, қазан, желтоқсан, қаңтар айларында орындалмаған. Сабаққа қатысуы: қыркүйек айында – 0, қазан – 7, қараша – 8, желтоқсан – 4, қаңтар – 6 сабақ.

Педагогтерге талдау қорытындысын таныстырмаған. Себебі мұғалімдердің танысқандығы туралы қолдары жоқ.

8) Мектеп директорының құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Мырзахметовтің сабаққа қатысу парақтары болмады.

Сабаққа қатысудың қорытындысы: мектеп әкімшілігінің бірде-біреуі норманы жүйелі түрде толық орындамаған, сапалы талдаулар жүргізілмеген, педагогтердің кәсіби біліктілігі мен шеберлігін арттыру мақсатында тиімді ұсыныстар бермеген. Яғни сабаққа қатысуының талдауы сандық көрсеткіш немесе есеп үшін ғана жазылған.

**Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Бектасованың өзіне бекітілген сабақтарды уақтылы өту мәселесі.**

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Бектасова Назгүл Жамалбековнаның 2025-2026 оқу жылында жалпы апталық жүктемесі – 8 сағат, оның ішінде: 5б сыныбында «Қазақ тілі мен әдебиеті» - 5 сағат, 5 абвжде сыныптарына 3 сағат (0,5 сағаттан) «Жаһандық құзіреттілік» курсы.

5 «Б» сыныбында қазақ тілі пәні аптасына 3 сағат, әдебиет пәні аптасына 2 сағаттан берілген. Сабақ кестесіне қойылған. Электрондық журналда сабақтың өтілгендігі толық толтырылған.

5 «Б» сыныбындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің тақырыптық-күнтізбелік жоспары талапқа сай жасалып, оқу жылының басында бекітілген.

Аталған сыныптағы оқушылардың ТЖБ материалдары қаралып, онда оқушының жұмысындағы балл сынып журналына қойылған балмен сәйкес болмады (7 оқушыда).

Зерделеу барысында осы ата-аналармен жиналыс өткізілді, онда ата-аналар қыркүйек айында Н.Бектасова сабақ өткізбегендігін, директордың орынбасары болғандықтан уақтылы сабаққа кіре алмайтындығын айта келе, аталған сыныпқа басқа мұғалімді ауыстыруды талап етті.

Аталған сыныпта барлығы 34 оқушы білім алады, оқушылардан анонимді түрде сауалнама алынды. Сауалнамаға – 32 оқушы қатысты, қорытындысы бойынша 12 оқушы Н.Бектасова «сабақ өткізбеді» деп жауап берді, ал 20 оқушы «сабақ өткізеді» деп жауап берді.

Сонымен қатар, 2024-2025 оқу жылы 6,7 сыныптарға Жаһандық құзіреттілік курсынан сабақ берген. «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша сабақтардың оқу жоспарына сәйкес өткізілуі зерделеніп, оқушылардан сауалнама алынды.

Сауалнама қорытындысы бойынша Н.Ж.Бектасованың аталған курс сағаттарын өткізбегені анықталды. Бұл «Жаһандық құзыреттілік» курсының жүйелі өткізілмегендігін, оқу бағдарламасында көзделген тақырыптардың толық көлемде қамтылмағандығын көрсетеді.

7з сыныбының оқушылары да сауалнамада «Жаһандық құзыреттілік» курсының сабақтары жүйелі түрде өткізілмегенін растады. Сауалнамаға қатысқан 14 оқушының 12-сі сабақтың уақытында өткізілмегенін, 1 оқушы есінде жоқ екенін, 1 оқушы өтті деп көрсетті.

7е сыныбында сауалнамаға қатысқан 26 оқушының 24-і пән сабақтарының уақытында және оқу жоспарына сәйкес өткізілгенін көрсетсе, 2 оқушы сабақтардың өткізілмегенін атап өткен.

8в сыныбындағы сауланамаға қатысқан 18 оқушының 13-і өткізілген жоқ, 5-еуі кейде өткізмейді деген жауапты көрсетті.

№5 мектеп-гимназия директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Бектасова 2024-2025 оқу жылында сабақ берген (7- сыныптар) биылғы оқу жылындағы 8 «А», «Ә», «Б», «Д», «Г», «Ж», «Е» сыныптарының оқушыларынан қосымша барып сауалнама алынды. Сауалнамаға қатысқан 138 оқушы. Оның 67 оқушысы өтті деп белгілесе, 58 оқушы уақытында өткізілмегенін, 13 оқушы есінде жоқ екенін көрсетті. Нәтижесінде «Жаһандық құзыреттілік» сабағы жүйелі түрде өткізілмегенін көрсетті.

Сондай-ақ, мектеп директорының орынбасары Н.Бектасованың сабақтарының өткізілгендігін анықтау мақсатында оқу бөлмесі аумағындағы бейнебақылау камералары қаралып, акт жасалды. Анықталған деректер:

12.01.2026 ж., 14.01.2026 ж., 15.01.2026 ж., 16.01.2026 ж. 20.01.2026 ж. - 27.01.2026 ж., 3.02.202ж., 09.02.,2026 ж. күндері сабақ өтілген (5е, 5 б, 5бд, 5бв, 5бж).

13.01.2026 ж. 5Б сыныбындағы сабағы өтілмеген.

28.01.2026 ж., 06.02.2026 ж. күнгі сабақты Сабеков Султан өткен.

**Қорыта келгенде, Н.Ж.Бектасованың өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны, оқу процесін ұйымдастыру мен пәндердің жүргізілуін толық деңгейде қамтамасыз етпеген. 2024-2025 оқу жылында «Жаһандық құзыреттілік» курсы бойынша сабақтардың жекелеген сыныптарда толық көлемде өткізілмегені расталды. Оқу бағдарламасының талаптары толық сақталмаған. Яғни Н.Бектасова тарапынан мемлекеттік білім беру стандарты толық орындалмаған болып табылады.**

5.

**Мектеп директоры Н.Сейдахметовтің өзіне бекітілген сабақтарын өтуі.**

Мектеп директоры Н.Сейдахметовтің апталық жүктемесі – 8 сағат, оның ішінде 4 сағаты – «Дарын» оқушылардың ғылыми қоғамы үйірмесі (6ә,7б, 6б, 7в), 4 сағаты – «Зияткер» кіші олимпиада мектебі (8ә, 7а, 7ә, 8б).

«Зияткер» үйірмесінің өткізілуі бойынша 7«А» сыныбы оқушылары арасында сауалнама алынып, онда оқушылар үйірмеге жетекшісі Н.Сейдахметовтің «оқушыларды отырғызып қойғандығы және оқушылардың бұл үйірмеге бірінші рет қатысып тұрғандығы туралы көрсетті. Мектеп басшысы Н.Сейдахметов тарапынан үйірме өтілмегендігі анықталды.

**Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясы бойынша тәрбие жұмысының ұйымдастырылу жағдайын зерделеу жаднамасы**

2025-2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жоспары бекітілген. Іске асырылуы толық емес, анықтама, материалдары талапқа сай емес: хаттама, әзірлеме, ережелер жоқ, онкүндік, апталықтарға жоспар жасалмаған.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігін құру, жетекшілерін бекіту бұйрығы шығарылмаған, жоспар әр саты бойынша бекітілген. Алайда, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша еш мәселе қаралмаған, әдістемелік жұмыс талқыланбаған. 10-11 сыныптар әдістеме бірлестігі жоспар бойынша қаңтар айында «Сынып ұжымының даму диагностикасы» тақырыбында семинар өткізілген, алайда семинар материалдары толық емес - бағдарламасы жасалмаған, анықтама жазылмаған.

Сыныптағы тәрбие жұмысының жоспары бар, сынып сағаттары және қауіпсіздік сабақтары «Күнделік» платформасына енгізілген, уақытылы толтырылған.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының бұйрық, хаттамалар, жоспар, сабақ кестесі, сабақтардың өтілуі бойынша еш материал жоқ. Даналық мектебінің жұмысынан тек жоспар мен әзірлемесі ғана бар.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдары («Жас Ұлан», «Адал Ұрпақ», «Мектеп Парламенті») жұмысы бар.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жобаларының іске асырылуы: жоспарлары бекітілген, іске асырылуы талапқа сай емес: кім, қашан, кіммен өткізгені жазылмаған, тек анықтамаға мәтін жазған, қол қойылмаған. Байқау, челлендж, акция, жәрмеңкелерге ереже жасалмаған, хаттама толтырмаған.

Оқушылардың мектепішілік үйірмемен қамтылуы – 89 %. Мектеп дәлізінде ілінген үйірме кестесі 3.02.2026 ж өзгертілген, үйірме кестесі ата-ана комитеті төрайымымен келісілмеген, директордың бекіткен күні және үйірмелердің өткізілетін орны көрсетілмеген. Үйірме «Күнделік» платформасында ҚББ бөліміне енгізілген, алайда тақырыптарды толтыру, жоспарлауды жүргізу және журналды жүргізу бойынша келесі үйірме жетекшілерінде төменгі пайыздық көрсеткіш анықталды: Ахмаганбетова Г.М 11 «А» сыныбындағы «Зергер», «Дарын» үйірмелері бойынша тақырыптарды толтыру – 69%, жоспарлауды жүргізу – 71%, журналды жүргізу – 83%, Бактыбаева С.Р 2 «Ә» сыныбындағы «Қызықты грамматика» үйірмесі бойынша тақырыптарды толтыру – 22%, жоспарлауды жүргізу – 22%, журналды жүргізу – 24%, Бексұлтан Ә.Ж 5 сыныптардағы «Робототехника» үйірмесі бойынша тақырыптарды толтыру - 0%, жоспарлауды жүргізу – 0%, журналды жүргізу – 0%, Макаев Д.Т 1 «В» сыныбындағы «Футбол» үйірмесі бойынша тақырыптарды толтыру - 39%, жоспарлауды жүргізу – 39%, журналды жүргізу –

48%, Мырзахметова М.М 2 «Г» сыныбындағы «Жас зерттеуші» үйірмесі бойынша тақырыптарды толтыру - 4%, жоспарлауды жүргізу – 16%, журналды жүргізу – 54%, Нурымбетова И. 2 «Ә» сыныбындағы «Жас зерттеуші» үйірмесі бойынша тақырыптарды толтыру - 67%, жоспарлауды жүргізу – 67%, журналды жүргізу – 83%, Талгарбаева С.Ж 1 «Б» сыныбындағы «Жас математик» үйірмесі бойынша тақырыптарды толтыру - 60%, жоспарлауды жүргізу – 70%, Тохназарова М.С 9 «А» сыныбындағы «Дарын» үйірмесі боынша тақырыптарды толтыру - 58%, жоспарлауды жүргізу – 58%, журналды жүргізу – 83%, Тұрыс Қ.О. 1 «Г», 1 «Д» сыныптарындағы «Футбол» үйірмесі бойынша тақырыптарды толтыру - 42%, жоспарлауды жүргізу – 42%, журналды жүргізу – 86%.

3 «В» сыныбы бойынша «Тоғызқұмалақ» жетекшісі Тұрыс Қ; 2 «Б» сыныбы бойынша «Шахмат» жетекшісі Ратбек М; 1 «Б» сыныбы бойынша «Ақ Ладья» жетекшісі Сайлауов Е. үйірмелері бір кабинетте өткізілуде. Кабинет өте тар, үйірме өткізілуге жағдай жасалмаған. Әр үйірмеде 6 және 8 оқушыдан отыр. Үйірме жетекшісі Ратбек М. үйірме жоспары талапқа сай емес, күні қойылмаған, сыныбы көрсетілмеген және үйірмеге жауапты тексеріп, қол қоймаған.

1 «Д» сыныбы бойынша «Көркемсөз» үйірмесіне 6 оқушы қатысуда. Үйірме жетекшісі – Сабай Ұ. Үйірме өткізуге дайын емес, үйірме жоспары жоқ. Аталған үйірменің бұйрықпен бекітілген жетекшісі жұмыстан шығып кеткен, ал жаңа жетекшіге үйірменің жүктелетіні туралы тек тексеріс күні белгілі болған. Сонымен қатар, кестеге сәйкес, 9 «Ж» сыныбында «Замандас» драма үйірмесі сағат 16:00-де өткізілуі керек алайда, үйірме өткізіліп жатқан жоқ.

Сауалнама алу барысында 7 «А» сыныбының оқушыларын үйірме жетекшісі Сейдахметов Н. «Зияткер» үйірмесіне отырғызып қойғандығы және оқушылардың бұл үйірмеге бірінші рет қатысып тұрғандығы анықталды.

Ата-аналар комитетінің жұмысы құрамы, жұмыс жоспары, іске асырылу материалдары мен жалпы мектепішілік жиналыс хаттамалары бар.

Ал, сыныптық жиналыстар жоспары мен хаттамалары, материалдары көрсетілмеді.

Оқушылар арасында жүргізілген жасырын сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар мектепішілік үйірмеге қатыспайтындықтары анықталды. Сонымен қатар, сынып сағаттарының жүйелі өткізілмейтіндігі, үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» жүргізілмейтіндігі, «Өнегелі 15 минут» - ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесу өткізілмейтіндігі анықталды. Білім алушылар апта дәйексөздері мен ай құндылығы туралы жеткілікті деңгейде хабардар емес.

**Мектептің іс-жүргізушісі Ж.Есенбекованың жүктемесі бойынша:**

Ж.Есенбекованың 2025-2026 оқу жылына бекітілген апталық жүктемесі – 8 сағат («Жамбылтану», 7 сынып – 5 сағат, «Дарын» оқушылардың ғылыми жоба үйірмесі, 6 а, 5з сыныбы – 2 сағат, «Зияткер» кіші олимпиада үйірмесі, 5а – 1 сағат).

Сынып журналында «Жамбылтану үйірмесіне – 49 оқушы, «Дарын» үйірмесіне – 19, «Зияткер» үйірмесіне – 10 оқушы, барлығы 78 оқушы тіркелген.

Көрсетілген сыныптардағы үйірмеге тіркелген оқушылар арасында үйірменің өткізілетіндігі немесе өткізілмейтінін анықтау мақсатында сауалнама алынды.

«Жамбылтану» үйірмесіне тіркелген оқушылардың 48-і (97,5%) сауалнамаға қатысты.

**КОРЫТЫНДЫ**
***...ғшясында жүргізілген ...ша***

Оқушылардың 50 пайызы (24) үйірмеге мүлде қатыспағанын, 48 пайызы (23) үйірменің I тоқсанда болмағанын, 27 пайызы (13) II тоқсанда болмағанын көрсетті.

Сонымен қатар 75 пайызы (36 оқушы) аталған үйірмені жүргізетін мұғалімді белмейтін, 8 пайызы (4 оқушы) мүлде басқа мұғалімдердің (Ұлпан, Гаухар) есімін жазған. Яғни үйірмеге тіркелген оқушылардың 83 пайызының мұғалімді (Ж.Есенбекованы) білмейтіні анықталды. Сондай-ақ, 44 пайызы (21 оқушы) үйірме кестесін, яғни аптаның қай күндері өткізілетінен бейхабар екенін көрсетті.

Үйірменің мазмұны бойынша қойылған сұраққа 55 пайызы (26 оқушы) қатысқан жоқпын, сондықтан білмейтінін жазды.

Алдағы уақытта «Жамбылтану» үйірмесінің жалғасуын қалайсыз ба?" деген сауалға 21 оқушы 44%-ы "иә"деп, ал қалған 27 оқушы (56%) алдағы уақытта үйірменің жалғасуын қаламайтынын, яғни «жоқ» деп белгілеген.

5-сынып оқушыларынан алынған сауалнамаға 17 оқушы қатысты. 6 оқушы (35%) "Дарын", 2 оқушы (12%) "Зияткер" үйірмесіне баратынын, ал қалған 9 оқушы (53%) аталған үйірмелерге қатыспайтынын жазды.

6-сынып оқушыларынан алынған сауалнамаға 9 оқушы қатысты. "Зияткер" үйірмесіне 4 оқушы (44%) баратынын, 5 оқушы (56%) қатыспайтынын көрсеткен.

"Зияткер" үйірмесі қай айларда болмады?" - сұрағы бойынша: 2 оқушы 22%-ы "I тоқсанда болмады", ал қалған 2 оқушы 22% "II тоқсанда болмады" деп көрсетті.

«Зияткер» үйірмесінен қандай мұғалім беретінін 89%-ы білмейді. 56%-ы үйірменің өткізілу кестесін біллмейді.

"Үйірмеде қандай жұмыстар көбірек ұнады?" - деген сұраққа 2 оқушы 22%-ы "Шығармашылық жұмыстар", 1 оқушы 11%-ы "Сахналық қойылымдар" десе, қалған 6 оқушы 67%-ы үйірмедегі жұмыстар бойынша нақты қызығушылық білдірмеген.

5 оқушы (56%) алдағы уақытта үйірменің жалғасуын қаламайтынын көрсетті.

Берілген сауалнама нәтижесі бойынша оқушылардың көпшілігі үйірмелерге қатыспайтыны туралы анықталды және оқушылар үйірменің жалғасуына қызығушылық танытпаған.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында шығармашылық, сахналық, заманауи форматтағы жұмыстар енгізу;

**Үй жағдайында оқытылатын балалардың сабақтарының ұйымдастырылу жағдайы.**

2025-2026 оқу жылында 6 білім алушы үйде оқытылады, 4 білім алушы – жалпы білім бағдарламасымен, 1 бала бейімделген бағдарламамен, 1 білім алушы – зиятының орташа бұзылысы бар балаларға араналған бағдарламамен білім алады. Зерделеу барысында бірқатар кемшіліктер орын алғаны анықталды, мәселен:

1.Үй жағдайында білім алатын балалардың оқу жоспарларын бекітуде нормативтік қателіктер орын алған. Яғни күші жойылған ҚР БҒМ 30.09.2022 жылғы №412 және 12.08.2022 жылғы №365 бұйрықтарымен бекітілген оқу жоспары басшылыққа алынған. Қолданыстағы құжат – ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 жылғы №27 бұйрығымен бекітілген оқу жоспары, 26.10.2023 жылғы №323 бұйрығы басшылыққа алынуы тиіс.

2.Мухаметалиұлы Нұрислам 1«Д» сынып оқушысы. ПМПК қорытындысы бойынша зияты қалыпты, жалпы бағдарламамен 26.10.2023 жылғы №323 бұйрығымен үлгілік оқу бағдарламасымен оқытылады. Мектепішілік сағаттарды бөлу бұйрығында инвариантты бөлімдегі 9,5 сағат оқу жүктемесі ғана мұғалімдерге бөлінген, вариативті бөліміндегі 3 сағаты қарастырылмаған, яғни барлығы 12,5 сағатты қамтымаған және жеке оқу жоспары 12.08.2022 жылғы №365 бұйрық пен дұрыс емес рәсімделген.

Сәрсенбі күні бір уақытқа 10.30-11.05-те ана тілі және математика сабағы қатар қойылып өрескел кателіктерге жол берілген.

3.Үй жағдайында білім алушылардың сабақ кестесінде үзіліс 5 минутқа белгіленген. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 бұйрығы орындалмай оқушының денсаулық жағдайы ескерілмеген.

4.1 оқушының оқу жоспарында (Аязбай К., 10 сынып) пән аттары қате жазылған, алгебра және анализ бастамалары деген пән алгебра, шетел тілі, ағылшын тілі деп жазылған.

5.1 оқушы (Серік Ақмерген 2 «Е» сынып) бейімделген бағдарламамен оқытылады. 26.10.2023 жылғы №323 бұйрығы негізінде үлгілік оқу жоспарында қазақ тіліне 1,5 сағат, орыс тіліне 0,5 сағат берілген, бірақ қазақ тіліне 2 сағат, орыс тіліне сағат бөлінбеген. Сағаттарды өзгертуге негіз көрсетілмеген (ата-ананың өтініші пәндерді ауыстыру туралы, мектеп бұйрығы).

6.Пән мұғалімдерінің ата-анамен қарым қатынас дәптерлерін тексеру барысында сабақтардың өткізілгені туралы ата-ананың қолы қойылмаған жағдайлары бар (математика пәні мұғалімі Бердали А.М. 9 «Б» сынып оқушысы Измуханова Айаруға сабақ береді, 2 қаңтар, 2 ақпанда). М.А.Адилбекова III тоқсанда 9 «Б» сынып оқушысы Измуханова Айаруға сабақ береді, 26,31 қаңтар күндері сабақ өтілген,бірақ бағаланбаған. III тоқсанда 9 «Б» сынып оқушысы Измуханова Айаруға географияға пәнінен Е.Р.Абикбаева журналы толмаған, ата-ананың қолы жоқ. Химия пәнінің мұғалімі А.А. Құсайн 10 «Б» сынып оқушысы Аязбай Камиланың журналында 19,22,26,29 қантар күндерін белгілеп оқушыға баға қоймаған, бірақ ата анамен қатынас дәптерінде ата-ананың қолы қойылған.

7.Kundelikkz электоронды журнал бойынша 1 «Е» сынып оқушысы А.Құнанбайдың түзету сабақтары III тоқсан басталғалы 8 қаңтар- 3 ақпан толтырылмаған (мұғалімі Н.Асылбекова). 10«Б» сынып оқушысы Аязбай Камиланың биология пәні мұғалімі (мұғалімі Г.Акпанбетова) 3 ақпан күнін толтырмаған. 1«Д» сынып оқушысы Мухамедалиұлы Нурислам III тоқсаннан бастап цифрлық сауаттылық пәні толтырылмаған (мұғалімі Бексұлтан Ә).

2«Е» сынып оқушысы Серік Акмергенге қазақ тілі, әдебиеттік оқу, математика пәндерінен (мұғалімі А.Байділда) формативті баға қоймаған. 2 «Е» сынып оқушысы Серік Акмергенге түзету сабақтары III тоқсан басталғалы 8 қаңтар-3 ақпан аралығы толтырылмаған (мұғалімі Н.Асылбекова).

**Жалпы мектепте ерекше білім беру қажеттеліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын үйлестіру директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Бектасоваға жүктелген. Алайда жауапты қызметкер тарапынан үй жағдайында оқытылатын балалардың оқу процесін ұйымдастыру талапқа сәйкестендірілмеген (стандарт талаптары мен оқу жоспары дұрыс қойылмаған).** Яғни мектеп директорының орынбасары тарапынан сапалы бақылау міндеті орындалмаған.

**Алфавиттік кітаптың жүргізілу талаптарының орындалуы:**

Аталған мектеп-гимназияның қатаң есептегі құжаты алфавиттік кітабы тексерілді. Алфавиттік кітапты тексеру кезінде ҚР БҒМ 06.04. 2020ж. №130 бұйрығы басшылыққа алынды. 2026 жылдың 9 ақпанындағы ҰБДҚ бойынша контингент саны -2271. Алайда, алфавиттік кітаптағы оқушы саны -2265. Алты оқушы кітапқа тіркелмеген. 45 білім алушының сыныбы ғана жазылып, литері мүлдем көрсетілмеген (қажет болған жағдайда білім алушылардың тізімі қосымша ұсынылады).

Алфавиттік кітапты жүргізу талаптары орындалмай отыр. Мекемеде жүргізіліп отырған алфавиттік кітап саны - екеу. Екінші кітаптың беттері нөмірленген, бірақ бауланбаған (шнурланбаған).

**Сабақ кестесі.**

Зерделеу барысында ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05 тамыздағы №76 бұйрығымен бекітілген мектептерде сабақ кестесін құру кезінде қойылатын қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар басшылыққа алынды.

Зерделеу кезінде төмендегідей кемшіліктер анықталды:

1) Сабақ кестесіндегі пән атаулары 2025-2026 оқу жылында жасалған жұмыстық оқу жоспарымен сәйкес келмейді. Атап айтқанда, АӘ және ТД пәні кестеде АӘД, орыс тілі мен әдебиеті пәні - орыс тілі, қазақ әдебиеті -әдебиет болып қате жазылған.

2) 8»Б» сыныбында информатика пәні аптасына бір сағат бола тұра, соңғы 8-сабаққа қойылған. Осы сыныпта жұма күні биология, химия соңғы 6,7 - сабақтарға қатарынан қойылған.

3) Сондай-ақ, 5,6,7,8 -сыныптардағы Жаһандық құзыреттілік пәні 0,5 сағат болғандықтан, екі аптада бір рет болады. Осы пәннің қай аптада өтілетіндігі сабақ кестесінде нақты көрсетілмеген.

**«Ашықтық – тиімділік - әділдік» стенді.**

Мектептің мұғалімдер бөлмесінде «Ашықтық – тиімділік - әділдік» стенді ілінген, педагогтерге таныстырылған, дегенмен де стендтің тарифтеу ұяшығында педагогтердің толық тарификациясы салынбаған, тек штаттық кесте салынып, таныстырылған. Педагогтер өз жүктемесімен танысып, қол қойылған тарифтеу кестесі жоқ. Сонымен қатар педагогтердің сағат жүктемелері де ашық көрсетілмегені және қаңтар айының табелі салынбағаны анықталды.

**Жас мамандармен жұмыс**

Жас мамандар саны - 22. Мектепте жас мамандардың кәсіби педагогикалық біліктіліктерін арттыру мақсатында «Жас мамандар мектебінің» жұмысы ұйымдастырылған. «Жас мамандар мектебінің» жылдық жоспары бекітілген және жоспар аясында іс-шаралар өткізіліп, құжаттары жинақталған. Қыркүйек айында жұмысқа қабылданған жас мамандарға тәлімгерлер бекітіліп, бұйрық шығарылған. Жылдық жоспарлары бар.

**Жекеленген сағаттардың бөлінісі.**

2 қыркүйек 2025 жыл №.164 бұйрықпен барлығы 7 педагогке 20 сағаттан берілген. Оның ішінде 5 педагог ЖОО шақыртылған, ал 2 педагог мектеп мұғалімдері М.Тохназарова педагог-зерттеуші, С.Баетова педагог-зерттеуші.

1 қазан 2025 жыл №227 т 2 бұйрықпен 9 педагогке 20 сағаттан берілген, оның ішінде 6 педагог ЖОО шақырылған, ал 3 педагог мектеп мұғалімдері. Олар Г.Жаманкулова педагог-зерттеуші, Е.Байділдә санаты жоқ, С.Талгарбаева педагог-шебер.

1 қараша 2025 жыл №349 т.3 бұйрықпен 9 педагогке 20 сағаттан берілген, оның ішінде 6 педагог ЖОО шақырылған, ал 3 педагог мектеп мұғалімдері Д.Ревшенов педагог-зерттеуші, С.Суранкулова педагог-модератор, Г.Ж.Жексенбиева педагог-зерттеуші.

1 желтоқсан 2025 жыл №266 т. 3 бұйрықпен 9 педагогке 20 сағаттан берілген, оның ішінде 6 педагог ЖОО шақырылған, ал 3 педагог мектеп мұғалімдері А.Түзелбеков педагог-модератор, Д.Туганбаева педагог-модератор, И.Нурымбетова педагог-зерттеуші.

5 қаңтар 2026 жыл №2 бұйрықпен 9 педагогке 20 сағаттан берілген, оның ішінде 6 педагог ЖОО шақырылған, ал 3 педагог мектеп мұғалімдері М.Адилбекова педагог-зерттеуші, Н.Құлжан педагог-модератор, Ж.Шертаева педагог-шебер.

Қыркүйек-қаңтар аралығында 1500 сағат есебінен 19 педагогке 20 сағаттан әр сайын берілген, оның ішінде ЖОО шақыртылған алты оқытушыларға тұрақты төленіп отырған, ал 14 мектеп мұғалімдері әр ай сайын ауысып отырған және ай сайын басқа педагогтерге сағат бөлініп отырған. Жалпы сағаттар бөлінген педагогтердің біліктілік санаттарына келетін болсақ, оның ішінде педагог-шебер-2, педагог-зерттеуші-7, педагог-модератор-4, санаты жоқ-1 (Байділда Е.). Яғни 1500 сағат есебінен бөлінген сағаттар педагогтерге жүйелі бөлінбейтіні анықталды.

ЖОО оқытушысы А.Абдирасиловке 02.09.2025 ж. №164 бұйрықпен 20 сағат бөлінген, ал тарификация 01.10.2025 ж. №5 хаттамамен бекітілген.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 3-тарау 90-тармағында «Гимназия мен лицейлерге келісім шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін мектепке жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді» деп көрсетілген. Яғни жекеленген сағаттар жоғары білікті мамандарға берілуі тиіс. Алайда жекеленген сағаттар қыркүйек айынан қаңтарға дейінгі аралықта біліктілік санаты жоқ немесе Педагог-модератор біліктілігі бар 5 педагогке берілген. Яғни үлгілік қағида талаптары сақталмаған. Сондай-ақ, педагогикалық кеңесте қаралмаған.**

**Сабақты алмастыру.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік ұйымдар Педагогтерінің жалақысын есептеу қағидасының 3-тармағына сәйкес

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің жалақысы білім беру ұйымы педагогикалық кеңесінің оң шешімі негізінде ұйымның бірінші басшысы (не оны алмастыратын адам) бөлетін оқу жүктемесіне, сондай-ақ біліктілік деңгейіне, өтіліне және Кодекспен, заңмен және қаулымен көзделген өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдерді ескере отырып, қаулыға сәйкес лауазымдық айлықақыларды (тарифтік мөлшерлемелерді) айқындайтын санатының болуына қарай есептеледі.

Сонымен қатар ҚР Еңбек Кодексінің 111 бабына сәйкес негізгі қызметкердің өзінің жұмысымен қатар уақытша жұмыста болмаған қызметкердің жұмысын атқару мәселесі жұмыс беруші мен жұмысшы арасындағы келісім бойынша анықталады.

Қызметкердің қосымша жұмыс атқаратын мерзімін, жұмыстың мазмұны мен көлемін жұмыс беруші қызметкердің жазбаша келісуімен белгілейді.

Тиісінше, лауазымдық міндеттерді қоса алып жүрудің әрбір нақты жағдайы бойынша мекеме басшысы, мекеменің, қызметкердің объективті мүмкіншілігі мен тұтас мақсаттылықты ескере отырып, шешім қабылдайды.

Сабақтарды алмастыру ай сайынғы жалықы есептелетін табель арқылы қаралды.

2025-2026 оқу жылында мектеп директоры орынбасарының 1-еуі ғана сабақтарды алмастырған (С.Бақтыбаева).

Мектеп директорының орынбасары С.Бақтыбаева 2025-2026 оқу жылы (13.11.2025 ж – 28.11.2025 ж.) Шыныққұлова Р. еңбекке жарамсыз парағында болуына байланысты 48 академиялық сағатты алмастырған.

2025 жылдың қыркүйек айынан бастап 2026 жылдың ақпан айына дейінгі аралықта 2664 сағат алмастырылған.

Сабақтарды алмастыру бойынша шығарылған бұйрықтарға сәйкес ең көп сабақ алмастырған ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Аманбекова Г. 2025 жылдың қыркүйек айында – 7 сағат, қазан айында –12 сағат, қараша айында –16 сағат, желтоқсан айында – 54 сағат алмастырған (біліктілігі- модератор, өзіне жүктелген жүктемесі – 22 сағат). Ағылшын тілі пәнінің бірлестігінде жұмыс атқаратын педагогтердің ішінде 1-еуі қосалқы қызметкер, 3-еуі штаттық кестеде отырған қызметкерлер (хатшы, әлеуметтік педагог, кәсіби бағдар беруші педагог). Сабақты алмастыру ауысым бойынша анықталған.

Орыс тілі пәнінің мұғалімі Балмуханова К. (апталық жүктемесі – 24 сағ), 2025 жылдың қыркүйек айында – 14 сағат, қазан айында – 16 сағат, қараша – 5 сағат, желтоқсан айында – 8 сағат алмастырған.

Сондай-ақ іс жүргізуші Ж.Есенбаева 2025 жылдың қыркүйек айында (02.09.2025 – 12.09.2025 ж.) вакансиядағы 14 сағат үйірмені уақытша алмастырған, яғни негізгі пән мұғалімдеріне берілмеген.

Қорытындылай келгенде, уақытша жоқ адамның сабақтары басқа қызметкерлерге бөліп беру барысында бір қызметкерге қайталанып беру жағдайы орын алған. Мұғалімдер арасында наразылықтың тууына септік еткен.

**Мектепте сабақтарды алмастыру журналы арналмаған.**

**«Мектепке дейінгі ұйымдардың және жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарының, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы», "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы №502 бұйрығының талаптары (9 қосымша) орындалмаған.**

**Педагогикалық ұжымдағы ахуал.**

Педагогтердің жалпы саны – 171.

Зерделеу барысында ұжым мүшелері арасында ахуалды анықтау мақсатында сауалнама алынды.

Сауалнамаға қатысқаны – 105 (61%). 19 сұрақтан тұратын сауалнаманың 17-сі жабық сұрақ, 2-еуі ашық сұрақ болды. Жалпы 85 балдық жүйемен бағаланатын сұрақтар бойынша ахуал төмендегідей болды:

77 педагог (73%) ұжымда өздерін еркін және жайлы сезінетінін, 76 педагог (72%) ұжымда өзара құрметтің бар екенін, 76 педагог (72%) ұжымда өзара қолдау мен көмектің көрсетілетін, 68 педагог (64%) ұжымда ашық және сенімді қарым-

қатынастың бар екенін, 63 педагог (60%) келіспеушіліктер әділ шешілетінін, 67 педагог (63%) басшылық (мектеп директоры) қызметкерлердің пікірін ескеретінін, 66 педагог (62%) ұжымда жағымды психологиялық ахуал бар екенін көрсеткен.

Сауалнаманың орта көрсеткіші 57 балды құрады. Жалпы өлшемшарт бойынша ұжымда ахуал жақсы, бірақ кейбір мәселелердің бар екені байқалады. Жалпы алғанда:

**Педагогикалық ұжымда жағымды психологиялық негіз сақталған. Педагогтердің басым бөлігі өз жұмысын жақсы көреді және ұжымда қалуға ниетті. Алайда, басшылық пен әкімшілікке қатысты сенім мәселелері, қарым-қатынастағы шиеленістер және әділдікке байланысты сұрақтар ұжымның тұрақтылығына кері әсер төндіретін факторлар болып отыр.**

**Әдістемелік бірлестіктер.**

Мектеп-гимназияда 9 бірлестік құрылған. Барлық бірлестік жетекішілерінен педагогтердің жүктемесінің бөлінуі мәселесі бойынша түсінік алынды. 8 бірлестік жетекшілері педагогтермен бірге тек қана жұмыстық оқу жоспарының инвариантты бөліміндегі негізгі пәндердің сағаттарын қарап, алдын-ала жүктемені жасап мектеп директорына ұсынылатынын жазды. Вариативті сағаттар мен гимназия компонентіндегі үйірме сағаттарын бөліп беруді мектеп директоры өзі жүргізетіндігін баяндады.

Орыс тілі пәнінің бірлестік жетекшісі (Кенебаева А.) 13 негізгі және 1 қосалқы қызметкер жұмыс атқарады. Тамыз айында бірлестіктегі жетістікке қарай басшыға апарғанын, кейін басшы өзі бөлгенін жазған. Жетістік ескерілмей, еңбек өтілі ескерілмей жас мамандардың сағат 26-28 сағаттан берілгенін кейін білген.

Тарих бірлестігі (Нурғабылова Р.Д.) екінші тоқсандағы жұмыстан шыққан педагог-Утехожаеваның сағатын директор өзі бөлгендігін мәлімдеді, бірлестіктегі педагогтердің сағат жүктемесін білмейтіндігін жазды.

Қазақ тілі бірлестігі (Абумаликов Е.К.) үйде оқыту, вариативті бөлімдегі сағаттар, гимназия компонентінің сағаттарын директор бөледі деп түсінік берді.

Ағылшын тілі бірлестігі (Г.Рыскулова) үйде оқыту, вариативті бөлімнен берілетін сағаттарды директор өзі бөлгендігін мәлімдеді. Кейін келген жас мамандарға 25 сағат берілгенін, еңбек өтілі бар педагогтер 18 сағат пен жүргендігін мәлімдеді.

Жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі (Ошакбаев Р.) Вариативті бөлік сағаттарын мектеп-гимназия басшысы өзі бөліп үйлестіреді. Үйірме сағаттарынан мүлде бейхабар. Оқу жылының басынан бүгінгі күнге дейін педагогтердің оқу жүктемелері бірнеше рет өзгерген, ол жайлы тек тоқсан соңындағы есеп жазу барысында белгілі болған.

**Кәсіподақ жиналысы.**

Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназия қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті төрағасының қызметіне қатысты жолданған өтініштері негізінде тиісті зерделеу және қарастыру жұмыстары жүргізілді.

Аталған мәселе бойынша мектеп директоры тарапынан кәсіподақ комитеті төрағасы лауазымына өзге кандидатураны ұсыну ниеті болғаны жөнінде мәліметтер түсті. Алайда ұйым Жарғысына сәйкес кәсіподақ комитетінің төрағасы 5 (бес) жыл мерзімге сайланады. Қазіргі кәсіподақ комитетінің төрағасы Балмуханова Каракоз Интикбаевна белгіленген тәртіппен және

қолданыстағы талаптарға сәйкес 5 жыл мерзімге заңды түрде сайланған. Кәсіподақ комитетінің қызметіне қатысты келіп түскен шағымдар мен ескертулер бойынша жүргізілген тексеру нәтижесінде заңбұзушылықтар мен қызметтік кемшіліктер анықталған жоқ. Мектеп директоры тарапынан педагог қызметкерлердің ауызша өтініштері болғаны жөнінде айтылғанымен, аталған деректер ресми түрде расталмады. Осыған байланысты кәсіподақ комитетінің төрағасы өз қызметін қолданыстағы заңнама мен ұйым Жарғысына сәйкес жалғастырып, кәсіподақ мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бағытындағы жұмыстарды жүзеге асыруда.

**Кадр қызметі мен педагог қызметкерлерді конкурстық негізде жұмысқа қабылдау.**

Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназияда өндірістік бұйрықтар бойынша - 317 бұйрық шығарылған. Жеке құрам бойынша – 86 бұйрық шығарылған. Аталған мектептің іс құжаттарды жүргізу бойынша істер номенклатурасы жоқ, бекітілмеген. Бұрынғы директор С. Төлеудің кезінен бері (2024 жыл) қайта бекітілмеген.

Аталған №5 мектеп-гимназияға 2025-2026 оқу жылында 32 педагог жұмысқа қабылданған. Оның 13-і конкурспен өткен, 5-уі мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша GPA-3.33 баллдан жоғары балл жинап конкурстық рәсімдерсіз қабылданған, 14-і қосалқы қызметкер ретінде жұмысқа қабылданған. Жұмыстан босатылған қызметкерлер саны – 16. Педагогтердің жұмыстан босатылу себептері өз өтініштері бойынша.

Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша 2025-2026 оқу жылында 12 конкурс жарияланып, конкурстық рәсімдер өткізілген. Зерделеу барысында төмендегідей кемшіліктер орын алды:

1. Бос дене шынықтыру пәнінің мұғалімі лауазымы бойынша:

25.12.2024 жылы мектептің Фейсбук парақшасы мен Еңбек.кз порталына конкурс жарияланған. Бос орынның хабарлама мәтіні талапқа сәйкес емес. Қағиданың 102 – тармағы сақталмаған.

Комиссия құру туралы бұйрық мерзімі қолмен түзетілген (бірнеше бұйрық бар). Конкурсты өткізу туралы бұйрық жоқ.

Әлеуметтік желідегі хабарламада конкурс өткізу күні 15 қаңтар деп көрсетілген, ал хаттама бойынша 13 қаңтар күні өткізілген.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі лауазымына 2 үміткер құжат тапсырған.

1) Үміткер Жандосов Арсен өтінішті 08.04.2025 жылы деп көрсеткен, өтініші тіркеуде кіріске 08.01.2025 жылы алынған. Наркологиялық, психологиялық анықтамасы 18.01.2025 жылы алынған, яғни құжат қабылау мерзімі аяқталғаннан кейін 10 күннен кейін құжаттарын толықтырған. Қағиданың 116-тармағында көрсетілген 113-тармақ бойынша құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтаруға негіз болып табылатынын ескермей, өрескел қателіктер орын алса да 14.01.2025 жылы Жандосов Арсен дене шынықтыру пәнінің мұғалімі лауазымына жұмысқа қабылданған. Бұл ретте екінші кандидат жеңімпаз болу керек еді.

А.Жандосовтың бағалау парағында жетістік бойынша 4 балл берілген, алайда 2 балл болу керек. Біліктілік арттыру курсына 1 балл берілген алайда жеке іс құжатында курс оқығаны туралы дәлелді құжаты жоқ. Бағалау дұрыс жүргізілмеген, 20 баллмен бағаланған, болу керек 17 балл.

2) Үміткер Тоханов Қ-15 баллмен бағаланған. Құжаты ұсынылған жоқ.

2.Бос бастауыш сынып пәнінің мұғалімі лауазымы бойынша:

25.12.2024 жылы мектептің Фейсбук әлеуметтік желі парақшасы мен Еңбек КЗ порталына конкурс жарияланған. Бос орынның хабарлама мәтіні талапқа сәйкес емес. Қағиданың 102 - тармағы сақталмаған.

Конкурсты өткізу туралы бұйрық жоқ. Құжаттарды қабылдау мерзімі дұрыс сақталмаған. Қағиданың 120-тармағында сәйкес құжаттарды қарау мерзімі 5 жұмыс күнді қамту керек талабы сақталмаған.

Үміткер Сатбай Мөлдірдің наркологиялық анықтамасының мерзімі 20.12.2024 жылы өтіп кеткен. Соған қарамастан, Сатбай Мөлдір 14.01.2025 жылы бастауыш сынып мұғалімі лауазымына жұмысқа қабылданған.

3. Бос биология пәнінің мұғлімі лауазымы бойынша:

25.12.2024 жылы биология пәнінен 8 сағатқа конкурс жарияланған. Бірақ үміткерлердің құжаттары ұсынылған жоқ.

4. Бос тәлімгер лауазымы бойынша:

17.01.2025 ж мектептің Фейсбук әлеуметтік желі парақшасы мен Еңбек КЗ порталына жарияланған. Бос орынның хабарлама мәтіні талапқа сәйкес емес, қағиданың 102- тармағы сақталмаған. Конкурсты өткізу туралы бұйрық жоқ. Құжаттарды қабылдау мерзімі дұрыс сақталмаған. Қағиданың 120-тармағына сәйкес құжаттарды қарау мерзімі 5 жұмыс күнді қамту керек талабы сақталмаған.

Маматаева Айда тәлімгер лауазымына құжат тапсырған, наркологиялық, психологиялық анықтамаларының мерзімдері 01.01.2025 жылы өтіп кеткен. Қағиданың 116-тармағында көрсетілген 113-тармақ бойынша құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтаруға негіз болып табылатынын ескермей, құжаттар қабылданған. Мерзімі өтіп кеткен наркологиялық, психологиялық анықтамалармен бағалау жүргізген (егер жоқ болса, мерзімі өтіп кетсе, түгел болмаса, қабылданбау керек). Бағалау парағы бойынша 8 балл берілген, алайда 10 балл болу керек. Бағалау дұрыс жүргізілмеген.

Үміткер Маматаева Айда тәлімгер лауазымына өтініш берген, бірақ 04.02.2025 жылғы №8 хаттама бойынша үміткер Маматаева Аида бос педагог-ұйымдастырушы лауазымына тағайындауға ұсынылған.

А. Маматаева 2025 жылдың 7 ақпанында тәлімгер лауазымына жұмысқа қабылданған.

5. Бос педагог-ұйымдастырушы лауазымы бойынша:

17.01.2025 ж мектептің Фейсбук әлеуметтік желі парақшасы мен Еңбек КЗ порталына конкурс жарияланған. Бос орынның хабарлама мәтіні талапқа сәйкес емес. Қағиданың 102- тармағы сақталмаған. Конкурсты өткізу туралы бұйрық жоқ. Бұл вакансия бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі дұрыс сақталмаған. Қағиданың 120-тармағында сәкес құжаттарды қарау мерзімі 5 жұмыс күнді қамту керек талабы сақталмаған.

Кандидат Анашова Айгерімнің медициналық №0/75 анықтамасында жасандылық байқалады, анықтаманың түпнұсқасы сұратылды, ұсынылмады. Өтінішін 22.01.2025 жылы жазған, ал наркологиялық, психологиялық анықтамалары 28.01.2025 жылы алынған, яғни құжат қабылдау мерзімі аяқталып кеткенде (7 жұмыс күні ішінде құжат қабылданады, 28 қаңтар 8 күн болады).

Осы кемшіліктерге қарамастан Анашова Айгерім 7.02.2025 жылы педагог-ұйымдастырушы лауазымына жұмысқа қабылданған.

6. Бос ағылшын тілі пәнінің мұғалімі лауазымы бойынша:

03.03.2025 жылы мектептің Фейсбук әлеуметтік желі парақшасы мен Еңбек КЗ порталына конкурс жарияланған. Бос орынның хабарлама мәтіні талапқа сәйкес емес, қағиданың 102 - тармағы сақталмаған. Конкурсты өткізу

туралы бұйрық жоқ. Аталған бос орын бойынша құжаттарды қабылдау мерзімі дұрыс сақталмаған. Қағиданың 120-тармағына сәкес құжаттарды қарау мерзімі 5 жұмыс күнді қамту керек талабы сақталмаған.

Кандидат Исмаил Мөлдірдің наркологиялық анықтамасы жоқ. Қағиданың 116-тармағында көрсетілген 113-тармақ бойынша құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтаруға негіз болып табылатынын ескермей, құжаттар қабылданған. Наркологиялық анықтамасы жоқ (егер жоқ болса, мерзімі өтіп кетсе, түгел болмаса, қабылданбау керек).

Конкурстық рәсімдерде құжаттары түгел болмағанына қарамастан Исмаил Мөлдір 17.03.2025 жылы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі лауазымына жұмысқа қабылданған.

7. Бос химия пәнінің мұғалімі лауазымы бойынша:

2025 жылдың 4 сәуірінде мектептің Фейсбук әлеуметтік желі парақшасы мен Еңбек КЗ порталына конкурс жарияланған. Бос орынның хабарлама мәтіні талапқа сәйкес емес, қағиданың 102-тармағы сақталмаған. Конкурсты өткізу туралы бұйрық жоқ. Құжаттарды қабылдау мерзімі сақталмаған. Қағиданың 120-тармағында сәкес құжаттарды қарау мерзімі 5 жұмыс күнді қамту керек. Бірақ бұл мерзім де сақталмаған. Кандидат Баймуратова Гүльназ өтініш 08.04.2025 жылы берілген, ал наркологиялық, психологиялық анықтамалары 14.04.2025 жылы алынған. Баймуратова Гүльназ 22.04.2025 жылы химия пәнінің мұғалімі лауазымына жұмысқа қабылданған.

8. Бос биология пәнінің мұғалімі лауазымы бойынша:

2025 жылдың 4 сәуірінде мектептің Фейсбук әлеуметтік желі парақшасы мен Еңбек КЗ порталына конкурс жарияланған. Бос орынның хабарлама мәтіні талапқа сәйкес емес, қағиданың 102- тармағы сақталмаған. Конкурсты өткізу туралы бұйрық жоқ. Құжаттарды қабылдау мерзімі дұрыс сақталмаған. Қағиданың 120-тармағында сәкес құжаттарды қарау мерзімі 5 жұмыс күнді қамту керек мерзім сақталмаған. Кандидат Адильбекова Мадина 24,5 баллмен бағаланған, бағалау бойынша 26,5 болу керек. Бағалау дұрыс жүргізілмеген. 22.04.2025 жылы Адильбекова Мадина биология пәнінің мұғалімі лауазымына жұмысқа қабылданған.

9. Бос математика пәнінің мұғалімі лауазымы бойынша:

05.09.2025 жылы мектептің Фейсбук әлеуметтік желі парақшасы мен Еңбек КЗ порталына конкурс жарияланған. Бос орынның хабарлама мәтіні талапқа сәйкес, қағиданың 102 – тармағы сақталмаған. Конкурсты өткізу туралы бұйрық шығарылмаған. Құжаттарды қабылдау мерзімі дұрыс сақталмаған. Қағиданың 120-тармағында сәйкес құжаттарды қарау мерзімі 5 жұмыс күнді қамту керек.

Кандидат Оразходжаева 12.09.2025 жылы өтініш берген. Психологиялық, наркологиялық анықтамасының мерзімдері 08.09.2025 жылы өткен. Қағиданың 116-тармағында көрсетілген 113-тармақ бойынша құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтаруға негіз болып табылатынын ескермей, құжаттары қабылданған. Мерзімі өтіп кеткен наркологиялық, психологиялық анықтамалармен бағалау жүргізген (егер жоқ болса, мерзімі өтіп кетсе, түгел болмаса,қабылданбау керек) Оразходжаева Гульнур 22.09.2025 жылы математика пәнінің мұғалімі лауазымына жұмысқа қабылданған.

Кандидат Арайлым Жарылқапованың құжаттары ұсынылған жоқ. Арайлым Жарылқапова 11,5 баллмен 22.09.2025 жылы математика пәнінің мұғалімі лауазымына жұмысқа қабылданған.

10. Бос қосымша білім беру педагогы лауазымы бойынша:

05.09.2025 жылы мектептің Фейсбук әлеуметтік желі парақшасы мен Еңбек КЗ порталына конкурс жарияланған. Бос орынның хабарлама мәтіні талапқа сәйкес емес, қағиданың 102 – тармағы сақталмаған. Конкурсты өткізу туралы бұйрық жоқ. Құжаттарды қабылдау мерзімі сақталмаған. Қағиданың 120-тармағында сәйкес құжаттарды қарау мерзімі 5 жұмыс күнді қамту керек талабы сқаталмаған.

Кандидат Қасымова Аружан өтінішті 12.09.2025 жылы өткізген. Психологиялық, наркологиялық анықтамасының мерзімі өткен. (15.09-24.09.2025 ж.) Қағиданың 116-тармағында көрсетілген 113-тармақ бойынша құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтаруға негіз болып табылатынын ескермей, құжаттар қабылданған. Мерзімі өтіп кеткен наркологиялық, психологиялық анықтамалармен бағалау жүргізген (егер жоқ болса, мерзімі өтіп кетсе, түгел болмаса, қабылданбау керек).

Кандидат А.Керей өтінішті 15.09.2025 жылы өткізген. Психологиялық, наркологиялық анықтамасының мерзімі 07.09.2025 жылы өткен. Қағиданың 116-тармағында көрсетілген 113-тармақ бойынша құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтаруға негіз болып табылатынын ескермей, құжаттар қабылданған. Мерзімі өтіп кеткен наркологиялық, психологиялық анықтамалармен бағалау жүргізген (егер жоқ болса, мерзімі өтіп кетсе, түгел болмаса, қабылданбау керек).

Құжаттарының мерзімдерінің өтіп кеткеніне қарамастан екі кандидат А.Қасымова мен А. Керей 19.09.2025 жылы қосымша білім беру педагогы лауазымына жұмысқа қабылданған.

11. Бос орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі лауазымы бойынша:

05.09.2025 жылы мектептің Фейсбук әлеуметтік желі парақшасы мен Еңбек КЗ порталына конкурс жарияланған. Бос орынның хабарлама мәтіні талапқа сәйкес емес, қағиданың 102 – тармағы сақталмаған. Конкурсты өткізу туралы бұйрық жоқ. Құжаттарды қабылдау мерзімі дұрыс сақталмаған. Қағиданың120-тармағында сәйкес құжаттарды қарау мерзімі 5 жұмыс күнді қамту керек талабы сақталмаған. Кандидат Косжанова Гүлбақыт 8 баллмен 22.09.2025 жылы жұмысқа қабылданған. Бағалау дұрыс жүргізілмеген. 8,5 балл болу керек.

12. Бос тәлімгер мен педагог-ұйымдастырушы лауазымы бойынша:

Конкурстық хабарлау бойынша әлеуметтік желі жарияланымдары жоқ. Кандидат Қазикей 13.11.2025 жылы өтініш өткізген. Психологиялық, наркологиялық анықтамасының мерзімі 13.09.2025 жылы өткен. Қағиданың 116-тармағында көрсетілген 113-тармақ бойынша құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтаруға негіз болып табылатынын ескермей, құжаттар қабылданған. Мерзімі өтіп кеткен наркологиялық, психологиялық анықтамалармен бағалау жүргізген (егер жоқ болса, мерзімі өтіп кетсе, түгел болмаса, қабылданбау керек).

Педагог-ұйымдастырушы Маршова А. әлеуметтік желі жарияланымы жоқ. Хабарлама мәтінін көру мүмкін болмады.

Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау бойынша кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналы дұрыс рәсімделмеген.

Конкурс өткізу туралы бұйрықтар жоқ. Конкурс нәтижелері мектептің интернет-ресурсында немесе әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында конкурстық комиссияның қорытынды отырысы өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күні жариялану қажет.

Алайда тек үш конкурстың қорытындысы ғана әлеуметтік желіге жарияланған (Ағылшын тілі бойынша Исмаил Мөлдір, Жандосов Арсен дене шынықтыру, Сәтбай Мөлдір бастауыш).

4.04.2025 жылы мектептің әлеуметтік желісіне орыс тілі мен әдебиеті, математика және 18.09.2025 жылы әлеуметтік педагог бойынша бос орын жарияланған. Алайда ешқандай құжаттарды көру мүмкін болмады, үміткерлерден құжат тіркелмегені бойынша акт жоқ.

Жоғарыдағы өрескел кемшіліктерге жол беріп, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрығының талаптарын сақтамаған жауапты тұлғалардың тәртіптік жауапкершілішігін қарау, конкурстық комиссия төрағасы мен комиссия мүшелерін қайта қалыптастыру ұсынылады.

Аталған мектепке 2025-2026 оқу жылында 14 қосалқы қызметкерлер қабылданған. Олар:

| № | Аты-жөні | Лауазымы | Сағат жүктемесі | Негізгі жұмыс орындары/сағат жүктемелері |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Куленова Алия Жумабековна | информатика пәнінің мұғалімі | 7 сағат | Облыстық білім басқармасы |
| 2. | Пирназарова Гульжан Ганыевна | ағылшын тілі пәнінің мұғалімі | 6 сағат | Қалалық білім бөлімі |
| 3. | Омарбекова Газиза Шайдулиновна | қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі | 5 сағат | Облыстық білім басқармасы |
| 4. | Бозымбекова Гаухар Бескемпировна | география пәнінің мұғалімі | 4 сағат | Облыстық білім басқармасы |
| 5. | Райкулова Жазира Ешенкуловна | математика пәнінің мұғалімі | 4 сағат | Облыстық білім басқармасы |
| 6. | Молдабекова Жанат Жаксылыковна | орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі | 12 сағат | №49 орта мектеп-гимназия 24 сағат/ II-ауысымда |
| 7. | Бижигитов Темирхан | физика секциясының жетекші | 1 реттік сағат | Тараз университеті |
| 8. | Серубаева Аурика Темирхановна | тарих секциясының ғылыми жетекші | 1 реттік сағат | Тараз университеті |
| 9. | Дунбаева Айгуль Маратбековна | ғылыми жетекші | 1 реттік сағат | Тараз университеті |
| 10 | Есентаев Саят Дүйсенұлы | математика пәнінің мұғалімі | 7 сағат | №61 орта мектеп/ 24 сағат/ I ауысымда |
| 11 | Акпанбекова Гульнур Абдибековна | биология пәнінің мұғалімі *(декр орын Ж.Нурахметова)* | 16 сағат | №64 орта мектеп 22 сағат/ I ауысымда |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12 | Нурбаева Қарлығаш Төлебайқызы | «Шебер қолдар» үйірме жетекшісі | 4 сағат | «Жамбыл Дарын» ғылыми орталығы |
| 13 | Мұханбет Айым Базарбайқызы | жаратылыстану пәні мұғалімі | 11 сағат | Жамбыл инновациялық жоғары колледжі |
| 14 | Нуржанова Арухан Базарбаевна | физика пәні мұғалімі | 10 сағат | Көктал орта мектебі |
| 15 | Оразходжаева Гүлнұр Маратқызы | Математика пәнінің мұғалімі | 16 сағат | №3 мектеп-лицей 16 сағат, I ауысымда |

Зерделеу жұмысын қорытындылай келе, мектептің басқару мен бақылауында анықтамада көрсетілген кемшіліктер бойынша тиісті қызметкерлердің жауапкершілігін қарау ұсынылады.

Сонымен қатар бақылау мен басқаруды әлсіретіп, осындай кемшіліктерге жол бергені үшін аталған Жамбыл атындағы мектеп-гимназия директорының тиісті тәртіптік жауапкершілігін қарау ұсынылады.

**Қорытынды:**

Комиссиялық зерделеу нәтижесінде мектептің басқару және бақылау жүйесінде, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда, кадрлық саясатта, құжат жүргізуде және нормативтік талаптарды сақтауда жүйелі кемшіліктер бар екені анықталды.

Аталған кемшіліктер білім беру процесінің сапасына, педагогикалық ұжымдағы тұрақтылыққа және мемлекеттік білім беру стандарттарының толық орындалуына кері әсерін тигізуде.

**Осыған байланысты:**

Анықталған кемшіліктер бойынша тиісті жауапты қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау;

Конкурстық комиссия құрамын қайта қалыптастыру;

Мектепішілік бақылау жүйесін қайта ұйымдастыру;

Құжаттамаларды қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестендіру;

Оқу жүктемесін бөлу және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру тәртібін заңнама талаптарына сәйкес қайта қарау;

Мектеп директорының басқару қызметіне қатысты тәртіптік жауапкершілік мәселесін қарау

ұсынылады.

**Зерделеу тобының құрамы:**

Тогатаева Д.К. _____

Костина И.А. _____

Шымырбаева А.А. _____

Атакулова Г.Ж. _____

Алиева Г.Г. _____

Шеримова Г.Ж. _____

Түйтебаева А.О. _____

Игисинова Ж.Ж. _____

Дүйсенбаев Н.У. _____

Баймакашева Н.С. _____

Абдраимова Ш. _____

Әлмұратова Б. _____

Жабаева Г. _____